

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік жоғары оқу орындарының тізбесін бекіту туралы" 2000 жылғы 6 шілдедегі № 1021 және "Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы" 2023 жылғы 4 қазандағы № 866 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 31 желтоқсандағы № 1192 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік жоғары оқу орындарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 6 шілдедегі № 1021 қаулысында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесі бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік жоғары оқу орындарының тізбесінде:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесі";

реттік нөмірлері 4 және 5-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

4	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы" республикалық мемлекеттік мекемесі	Алматы қаласы
5	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесі	Алматы қаласы

";

реттік нөмірлері 24 және 25-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

24.	"Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Астана қаласы
25.	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті" республикалық мемлекеттік мекемесі	Астана қаласы

".
;

реттік нөмірі 30-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

30	"Семей медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Семей қаласы
----	--	--------------

".
;

реттік нөмірі 45-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

45	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Қазақ ұлттық хореография академиясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Астана қаласы
----	--	---------------

".
;

2) "Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 866 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі туралы ережеде:

Министрліктің және оның ведомстволарының қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесінде:

1-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті" республикалық мемлекеттік мекемесі;"

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

1-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті" республикалық мемлекеттік мекемесі;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК